

Жұлдыз

Берік Шаханұлы
АРҒЫМАҒЫН ЖАУ АЛҒАН

Салтанат Смағұлова
ЖҮРЕК пен ЖЫР

Илья Жақанов
ЗӘУРЕШ

9
2015

Серік
НЕГИМОВ



«ҚАҺАР» РОМАНЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Қазақ халқының тарихында бұлағай да бұлыңғыр қасіретті дәуір ХІХ ғасырдың іші еді. Өйткені, отаршылдықтың қанды қармағы, қараниеті қазақтың ұланғайыр жеріне, елдің туын биікке көтерген есті ерлеріне қорғасын бұлттай үйіріліп, қорлық пен зорлықтың жан түршігерлік амал-тәсілдерін қолданды. Түпсіз қара мұхиттай ел қайғысын, замана запыранын, халық тағдырын, қоғам жайын суреткерлік қабілетімен, ойшылдық көзқараспен, ұлт тарихына жан-жақты, толық, байыпты тереңдеуімен батыл қадам жасаған әрі соншалықты үздік, озат ойлы шығарма тудырған Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» атты романы (1969) еді. Бұл – әдебиетіміздің күрделі табысы, «батыл да сәтті роман» (Мәлік Ғабдуллиннің бағасы) туынды ұлттың ой-санасын оятты, тарихи танымымызды байытты, білігіміздің өрісін кеңейтті, ой мен тіл қазынасын көркейтті.

«Қаһар» романының әлқиссасына мән берейік: «Ай сәулесі жүдеп», «Көш жүрісі шұғыл», «Асыға қимылдаған қыруар ел», «Жау қуғандай жөңкіген жұрт». Осы бір жинақы тізбектердің өзі ел басындағы зор қасіретті елестетеді. Көштің бас иесі баянауылдық Қаржас Азнабайұлы Сейтен. Оның көкейкесті мақсаты – Қасым төре баласы Есенгелді мен Саржанға қосылу, бірігіп қимылдау. Сейтеннің қалың нөпір көшінде «сүмбілдей сәйгүлік жүйрік, шайқала ырғалған жорға» мінген «сойыл-шоқпар ұстаған жүзден артық ер-азаматтар тобы бар». Жазушы І.Есенберлиннің сипаттауынша, осынау топтың ортасында тұлғасы алтын тудай айқындалған «қайыңның безіндей берік, қазан тастай шомбал, төртпақ келген біреу ерекше көзге түседі. Астында есік пен төрдей, ақ табанды жайма жал қара көк айғыр. Тақымында келте шоқпар, қарына темір баулы қайың сойыл ілген. Үлкен өткір қара көзді, ұзын, қою қара мұртты адам. Таңмен бірге ашыла түскен қара сұр жүзі ақ сұпыдай». Бұл – ел серкесі Сейтен бейнесі. Және де осы бір үзіндіден отаршылдықтың шылауына шырмалған елдің жай-күйі, замана зобалаңы елестегендей.

Сонымен қатар «түксиген қабақты, кескен томардай келте қара сұр жігіт келеді. Сары ала қынапты қисық табан келте қылыш тағынған. Кісі өлтірген адамдай түсі зәрлі. Бұл – Қубетұлы Ожар». Жазушының баяндауынша, «бір кездегі барымтаға да, жауға да қатар шапқан Сейтеннің үзеңгілес досы. Ақмола аға сұлтаны Құдайменденің Қоңырқұлжасының қасында болып, жақында ғана өз еліне қайтып келген».

Екеу ара әңгімеде серке ойлы Сейтен Ресей патшасының 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі Орта жүз қазақтарын сегіз округке жіктегенін:

– Ұшқалақтанбай тұра тұр. Ақпатша қазақ ісін екіге бөлген. Бірі – ауыл арасындағы жесір дауы, алыс-беріс секілді кәкір-шүкір. Мұны ақсақалдар мен билер өзі шешсін деген. Екіншісі – кісі өлімі, барымта, үкіметке бағынбау тәрізді ауыр құналар. Мұны аға сұлтан басқарған өкірлік пірказ қарайды. Өкірлік пірказ, екі патша қызметкері және екі жылға сайланған екі қазақ жасиәтірден1 құралады. Бұлардың шешімін гүбірналық сот бекітеді. Онда бірде-бір қазақ жоқ. Сөйтіп, біздің тағдырымыз – бәрібір өз қолдарында...

Ол ел тұтастығына іріткі салынуын, итке сүйек лақтырып, бөлшектеп билейтінін жанытқарды – жансыздарды көбейтіп, іштен омақаса шалатынын, жұртымыздың тізгіні жатқа кететінін айтып отырған жайы бар.

Ережеде: «Қазақты Мұхамбет пайғамбардың жолын берік ұстаған діншіл халық емес, оны шоқындырып алу оңай, тек ауылға уәкілдер жіберілсін» делінген пәрменді бұйрық бар. Тағы да І Николай патша 1825 жылы 11 ақпанда Сібір генерал-губернаторына Сібірмен шектес қазақ сияқты «бұратана» ұлттардың жас қыздарын қолға түсіруге жарлық берген.

Қолды болған қыз шоқындырылып, әйел затына мұқтаж отбасыларға үлестірілуге тиіс болған «Асырап алған адамдарға азық-түлік ретінде 15 жасқа толғанға дейін көмек көрсетіліп, ал қыз балаларды әкелген кісіге қолма-қол он бес сом сыйлық берілетін» болған. «Міне, осы жарлық Сейтеннің туған інісі Тайжанның 7 жасар қызы Алтыншашты да қармаққа түсірген еді. Олардың оспадарлығы үшін, патшаға қарсы ереуіл ұйымдастырғаны үшін Тайжан Омбы Орданс-Гаузе сотының үкімімен өлім жазасына кесілген. Қарауыл басы құзғын офицер Алтыншашты иемденіп, бір саудагерге сатып жіберген. Сонан соң киіктің лағындай қыздың керемет сұлулығына құмартып-қызығып Сібір корпусының Штаб бастығы герерал-майор Фондерсон сатып алады. Алтыншаштың әкесін өлтіргендердің бірін доңыз Фондерсон үй сыпырушы етіп ұстайды.

Ашу-ызаға булыққан Сейтен Омбы шаһарына келіп, Фондерсонның үйіне шабуыл жасап, Алтыншашты құтқарам дегенше генерал-губернатор біліп қойып, содан Сейтен әзер-мәзер құтылады.

Губернатор Сейтеннің бұл әрекетін қалайша біліп қойды, осы орайда Сейтен Ожардан сезіктенді. Сейтеннің ойы: «Адам сыры – сандық ішіндегі қазына. Онда алтын жатыр ма, бақыр жатыр ма, бірден білу қиын. Кілтін іздеу керек. Сондықтан да ол енді Ожардан сыр тарта сөйледі».

– Сол ұстап бойынша біз қазынаға жүз қарадан бір қара жасақ төлеуге тиісті едік. Бірақ сол заңның өзін кім дұрыс қолданып жүр? Аға сұлтандардың малы жұтқа іліксе – зекет төле. Жандаралдың, пристаптың үйі өртенсе – үлесінді апар... Ақ патшаның қосымша жарлығында өкімет қызметінде жүргендерге, аға сұлтан, болыс, жәсиетірлерге бірталай жеңілдік берілді... бұл жарлықтан ұтқан Сәмеке, Бөкей, Уәли ханның тұқымдары ғана. Патша ағзамға жаққан қызметтері үшін төре тұқымының шаңырақ ие сұлтандары мың жылқы, мың жарым қара мал, мың жарым сом ақшаға дейін ада етілді.

«1824, яғни қазақша мешін жылы Көкшетау приказы құрылды. Бұл – ақ патшаның Абылай ұрпағының ата мекеніне ауыз салуы еді. Осы жылдан бастап Қасым төре баласы Саржан сұлтан қол жинап патша әскері мен ұстапты жақтайтын Сәмеке, Бөкей, Уәли хандардың ұрпақтарына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Тоқаның Зілқарасына қарсы күрес бастады. Кейде жеңіп, кейде жеңіліп, басынан сан айқасты өткізеді. Ақырында Қоқан хандығының қол астына еніп, 1834, яғни жылқы жылы осы хандықтың бас күші Ташкент құшбегі, тәжіктің қалпы руынан шыққан Мәмет Әліммен тізе қосып, қазақ жерін Россия империясынан бөліп алмақ болып, алты мың әскермен Ұлытау өңіріне келді. Осы өңірге Қорған атты бекініс тұрғызып, бізге қосылыңдар деп жан-жағына жар салады, аға сұлтан, ел билеген ақсақалдарға ат шаптырады. Бір жағынан шағын-шағын жасақ аттандырып, Қараөткел, Көкшетау жеріндегі қалың арғын елін шаба бастайды. Мұны естіген Сібір губернаторы Ұлытауға генерал-майор Броневский басқарған алты зеңбіректі бір мың әскер жібереді. Броневский көп кешікпей Ұлытауға таяйды. Жақын қалған патша әскерінен қорыққан Ташкент құшбегі Қорғанға азғантай сарбаздарын қалдырып, Бетпақдалаға қарай қашады. Ал қорған бекінісі көп соғыспай Броневскийге беріледі. Ташкент құшбегі Мәмет Әлім қазақ жерін Россия патшалығынан оңай ала алмайтынына көзі жетіп, күресті бірден тоқтатады. Одақтасының мұндай опасыздығын көрген Қасым төре балалары енді Сыр бойындағы қазақтарды жинап, Қоқан хандығының ықпалынан құтылмақ болады.

Бірақ Ташкент құшбегі мұны сезбегенсиді, ақ патшамен күресуге қайта қол жиямыз, кеңеске балаларыңды жібер дейді Қасым төреге. Ал ол құрылған қақпанды аңғармайды,

Ташкентке жиырма жігітпен қолбасшы балалары Есенгелді мен Саржанды, шұбыртпалы Ағыбай батырды, Саржанның 20 жастағы баласы Ержанды жолға шығарады. Бұлардың Ташкентке кеткені Арқаға да жетеді. Ожардың айтып келе жатқаны осы жәйт».

Сейтен бастаған көш Баянауылдан үдере аттанып, Қараменді тауы етегін артқа тастап, Балқаш көлінің теріскей тұмсығындағы Мыңаралдың батыс жағына жеткенде тынығады. Бір апта ат үстінде жорытқан Сейтен түсінде: «Лақа бас, білектей жуан, қайрақ тас түстес тау жыланының өзі» басын алақан қуысынан өткізіп, әрі қарай жылжи тамақ тұсына келіп оралмақ», «алқым тұсынан қышқаштай боп» қанды қармақтай қапсырмақ. Сұмдық сурет, сұм заманның көрінісі, халықтың қалың қайғысының белгісіндей. Үстінен құс ұшып өтсе оянатын Сейтеннің кірпік қаққанша қыл шылбырмен екі қолы артына тас бекітіліп, аузына орамал тығылды. Ол «ауға түскен мекіредей» жанталасты. Есаул Лебедев жындай құтырып, сахараны әлем-тапырық етті. Ол «бұзау тісті, қорғасын бауырлы тобылғы қамшысымен» Абзал шалды шықпыртты. «Құлаштай сілтеген қамшы ауаны кескілеп «ыс-ыс» етеді».

Сейтенмен қоса Ожар да бұғауланып Омбыға жөнелтіледі. Жол-жөнекей Баянауыл округі Төрткөл болысындағы Тайманның ауылына түнейді.

Сейтеннің хәлі мүшкіл, адам шошырлық. Қол-аяғы байлаулы. Және мүлт жібермейтін сақшы бар.

Бұларды көрген ауыл дегбірсізденді, зәре-құты қашты.

«Барлық айыбы жұртына қамқор болғаны ма? Ақ патшаның тегеурініне көңісі келмегені ме?.. Аң да, құс та өзінің ұясын қорғайды. Адам неге өйтпеуі керек? Өз мекенін, өз жерін неге қорғамасқа? Сондай бір әділ қылығың үшін де айыптысың ба? Жоқ, айыпты емессің. Тайманның жан сезімін өртеген ой осы еді. Жазушы Илияс Есенберлиннің жігі, ұшқыр ойы да өзгеше.

Таймас қанша құмартса да Сейтенмен сөйлесе алмады. Тастай қараңғы түн құшағында «Елім-ай» әуенімен:

*Қош, аман бол, кең жайлау, өскен жерім,
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.
Есіл қазақ есейіп ел бола алмай,
Ит пен құсқа таланып өшкен жерім –*

деп күңіренеді. Сол мезетте Ожар: «Сейтеке, ішке симай бара жатыр ма күйігіңіз» - деді.

Ақиқатында, Сейтен өзін байлағандардың бірі Ожар деп ұққан. Бірақ осындай хәлге душар болғанына аң-таң. Екеуінің диалогына кезек берейік:

– Ожар, айтылмаған өкпе – іште жатқан Ескендірдің қос мүйізімен тең...

– Шер тарқатар уақыт болар әлі.

– Уақытымның бітуге айналғанын біле тұра кекетесің ғой, - деп Сейтен сәл ашулана күліп, ақырын ғана күрсінді де сөйлеп кетті.

– Бозторғайдан кішкентай болғанмен, биік ұшар халқым бар еді, сол сорлыны бір құзғын іліп кетпесін деп, ана жолы жалғыз бауырым Тайжан ақ патшаға қарсы жасақ құрғанда сен де келіп қосылып едің... Кімде-кім сол қазақ деген қыранды қанатын кесіп, жем-құсына айналдырғысы келсе, ол менің қас жауым, туған балам болса да аш тамағынан ала түсіп, өз қолыммен бауыздауға бармын.

Сейтен мен опасыз Ожардың сөйлескенін «заты сабырлы» Таймас бастан-аяқ тыңдайды. Ожардың арсыздығын білсе де екеуіне бірдей «Қош болыңдар!» деп Таймас «көзінен танадай боп домалап-домалап кеткен жасты өле-өлгенше жүрегінде кек сақтамақ».

Хас суреткер І.Есенберлин «Қаһар» романында қазақ еліндегі жағдаяттарды, шырғаландарды, дүрбелеңдерді барынша тұтастай суреттейді. Мысалы, Тіленшіұлы Жоламан батыр бастаған көштің ерекшелігі. Иә, Орынбордан қалың әскер шығуы, қазақтың жеріне, суына, нуына қоқаңдаған қожайын болуға ұмтылуы, бекіністер мен қалашықтардың орнауы, Табын руының сегіз мың шақырымдай мал жайылымынан айырылуы әңгімеленеді. «Қызыл жалқын ай», «қып-қызыл ашу шоғындай» дейтін айқындауларда күрделі сыр бар.

1822 жылы Жоламан батыр Орынбор әскери губернаторы Эссенге мәңгілік атақонысты

қайтаруды үш мәрте сұрап, хат жазған-ды. Мұнысы аяқсыз қалды. Қазақты құмға сырғытты. 1835 жылы Қараөткел мен Жайық арасында жойқын ереуіл болған-ды. 1770 жылы үш жүздің баласы Абылайды ақ киізге көтеріп, хан сайлаған. Сонда да ІІ Екатерина патша 1778 жылғы 24 мамырдағы Жарлығымен Абылайды Орта жүздің ханы етіп бекіткен.

1782 жылы хандық лауазымға Уәлиді бекітті. Ол отаршылдық саясатқа мойынсұнды. Арыстан туған Қасым төре мен оның балалары Есенгелді, Саржандар «тәуелсіздік тілеген, аңсаған», алыс-жұлыстан бір күн тыйылмаған.

Бітімі бөлек, ойы кесек «Қаһар» романында Кіші жүз руларының отаршылдық езгіге қарсы алапат кесек әрекеттері, Серғазы ханның Ақбөкен аруға дәмесі (әкесі Жантемірді қасына көшіріп алуы), Жоламан сарбаздарының қару түрлері, Ақбөкен арудың Жоламан батыр тобына қосылуы, Жоламанның өз жиені жас жайнақ Байтабынмен сырласуы, Хорунжий Карпов (қоржынды Қара бура) жасағының соғысы нақ-нағымен сипатталған.

Роман оқиғасы Ташкент шаһарына ойысады. Ташкент құшбегі Бегдербектің «ызғары суық сырға толы» рабатында (қонақ қабылдайтын сарайында) Есенгелді, Саржан және шұбыртпалы Ағыбай батыр бастаған жиырма жігіттің тағдыры шешілмек. Құшбегінің арнайы шақыруымен «үш ақ пілге шатыр тігіп, кілең қаракөк арғымақ мінген, қасында бір топ ешік-аға, муәдзин, наиб, геджагы бар Қоқан ханы Мәделі хан (Мұғамет Әлім) келген». Өйткені, Ташкент – Қоқан хандығының қол астындағы бір уәлаяты. Оған екі жүз мың теңге салық төлеп отырады. Ал Ташкент құшбегілері қазақ ауылдарының қаққанда қанын, соққанда сөлін шығарады. Қазақтардың үрерге иті, сығарға биті жоқ. Қоқан ханы Әлімге:

Келі түбім деп алады,

Кеусенім деп алады.

Ұтыра зекет деп алады,

Қошақ зекет деп алады.

Арқадан келген сор Найман

Аң-таң болып қалады, –

деген Жанкісі жыраудың зарлы толғауы қазақ еліндегі зауалды айна-қатесіз жеткізген.

Құшбегі Бегдербектің түр-сықпыты сұсты, аяр, екіжүзді. «Сүзіле қарайтын сұрғылт көздері ысылдаған жылан іспеттес бір суықтық танытады. Беті күлсе де көзі күлмейді... Ұзын ақ саусақтары жыртқыш құстың тырнақтарындай әлсін-әлсін бір бүрісе жұмылып, бір жазылып тұрады... Оң саусағына салған қызыл алтын сом жүзігінің үстіндегі жалпита орнатқан жылан басындай қызыл лағыл тасы ұйыған адам қанына ұқсайды».

Негізінде, Есенгелді мен Саржанның көкейкесті тілегі – Құшбегі Бегдербек құзіретіндегі Сыр, Қаратау, Сайрам, Шу бойын мекендеген Қыпшақ, Қоңырат, Шымыр, Ысты, Сиқым, Сыбан, Жаныс ауылдарынан сарбаз жинауға, жерімізді қорғауға жәрдем жасауын сұрау.

Бегдербектің арам ойы: «Бас қосып, күш алса, өзіңе тарпа бас салайын деп тұрған жауды қалай босатып жіберуге болады? Жоқ, көтерілген жау – ең қауіпті жау». Немесе: «Дәмелерің алыста екен! Әрине, бар қазақтың басын қостырып қойсақ, сендерге Қоқан да, Хиуа да төтеп бере алмас. Россия айдаһары да оңайлықпен жұта алмас. Жоқ, қымбатты сұлтандарым, біз сендер ойлағандай ақымақ емеспіз. Россия да, Қоқан да, Хиуа да сендерді майшелпек етіп асай бергісі келеді. Оған қазақтың малы да, жері де жетеді. Бізге сендердің бір болғаныңнан алауыз болғаның тиімді».

Сұмырай Бегдербек Қоқан ханы Мәделіханның нәпсіқұмарлығын есептеп, өзінің тоқал шешесі «әйел жыныстының күн мен айы» Ханпадшайыммен жарасса, «бір тілсіз шаттықтың» шуағына бөленсе, ішкі бұзақы ойын іске асыруға себепші болар еді. Ойлағанындай, құпия шаруа көңілдегідей орындалып, шат-шадыман күйге ұласты.

Қанаттанған Қоқан ханы Ташкент құшбегісі Бегдербекпен кеңесті, жіті сөйлесті.

– Ташкент уәлаятын тағы бір қауіпті қара бұлт қоршағалы тұр. Бұл бүлікті басқаруға дайындалып жатқан – Қасым төренің балалары. Есенгелді мен Саржанның басын алу өз қолымнан да келеді. Бірақ сіздің рұқсатыңызсыз әрекет істеуге дәтім бармады – деді жәдігөйленіп.

«Қазір Мәделіханның қиялы да, ойы да басқада... ал Ханпадшайым шын өмір, шын арман...»

«Сынық тағадай «Қаратау қойнауына қоныстанған Қасым төре ауылы. Ағыбай Ташкент құшбегі қолынан «екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып, ағыл-тегіл жылаған қалпы «Есенгелді, Саржан мен жігіттердің тегіс бауыздалғанын естіртті. Абылай хан әулеті, ырғалған қалың ел зар иледі, «Көл үстінде тып-тыныш жүзіп жүрген қаз-үйрекке ителгі тигендей әп-сәтте азан-қазан болды да қалды».

Қанды уақиғадан соң, адам дегенің ит жанды ғой, Қасым төре ойы мен бойын жинап: «Жас, есер кезімде Көкшетауды мекендеген тағы ақ бураны садақпен атып өлтірген едім. Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар «Шырағым, Абылайдың ақ бурасы Көкшетаудың иесі, киесі ұрып жүрмесе нетсін!» – деп еді. Көкшетауымнан айрылғанымды сол қылығымнан көруші едім. Есенгелді мен Саржанымды да сол ақ бураның киесі атты ма? Олай болса, Алла Тағала жолыңа ақсарбас айтып, мойныма бұршақ салып тілеймін: қаһарыңды, өзге балаларымнан аулақ ет!.. қыран қартайып өлмейді, қайғырып өледі, – дейтін еді Бұқар жырау».

Соңында Қасым төре күміс қынды сапысын, Абылай хан ұстаған тік киік мүйіз мосысы бар білтелі күлдірмамай мылтығын берді, алақанын жайып ақ батасын берді.

Даңқты суреткер І.Есенберлин «Қаһар» романында Қоңырқұлжа мен Қасым төре балалары арасындағы жер таласы, бақ таласы, мансапқор Қоңырқұлжаның сорақы, найсапқорлық қылықтары, Кенесарының Сарыарқаға оралып, Ақмола, Ақтау, Ортау бекіністерін алуы, сатқын Ожардың Кенесары ауылында тыңшылық қызмет жасауы, атаман Лебедев, аға сұлтан Қоңырқұлжа мен войсковой старшина Карбышев басқарған қанды қол жасақтардың қазақ ауылдарына қырғидай тиіп, ұлардай шулатуы, қан-қасап етуі Наурызбай батырдың Ақбөкенге ғашықтық сезімі (тобық алысуы), Бопай жасағының ерлігі ерекше суреттеледі.

Хан Кене – ұлт қаһарманы, азаттық жолындағы қан майданның ту ұстаушысы. Ол 1838 жылдың мамыр айында Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков князге «Менің айтып отырғаным мынау: біздің бабамыз хан Абылайға тиісті жерлерде сіз дуан салдырдыңыз және қазақ халқынан алым-салық аласыз, сөйтіп бізді қыспаққа салып отырсыз. Біз бұған риза емеспіз және алым-салық төлеп сіздің қарауыңызда тұра алмаймыз. Біздің басымызға туған күн Ресейдің басына туса сендер қандай күйде болар едіңіздер? Сондықтан біздің жай-күйімізбен санасуларыңыз керек. Әрине, мен Баянауыл, Қарқаралы һәм Ақмола қазақтарын өзіме қосып алдым, әлі де болса халқымды өз жағыма қоса берем деген ниетім бар; алайда қазақ халқы бұрынғыша өз алдына ел болып өмір сүрсе тіпті жақсы болар еді, сонда ғана сіз де, біз де тыныш өмір сүре алар едік.

...Сізбен әрқашанда достық қатынаста тұруды көздеп, мен мына төмендегілерді талап етемін:

- 1)Ақтау қорғанысы жойылсын;
- 2)Ақмола дуаны жойылсын;
- 3)Біздің жерімізге салынған сондай мекеме орындары тегіс жойылсын;
- 4)Қамауға алынған біздің адамдар һәм Қоңырқұлжа сұлтанға жіберілген екі адам босатылсын.

Ұшпыны иландырмақ үшін мен сұлтан Кенесары Қасымұғлы мөрімді бастым».

Бұл хаттың мәтінін І.Есенберлин Қазақ ССР мұрағатынан алған (қор 82, тізбе 1, іс 169, 15-16 беттер).

Алып күштен де ар күшті, арды сақтай білу – одан да күшті. Арлы туған, шыбын жанын шүберекке түйген, жанын берсе де ар-намысын ешкімге бермейтін, есесін жібермейтін ер Кене үш ай бойы осы хатына жауап ала алмағандықтан, «не майдан ашып айқасып, күшпен өз айтқанымға көндіру» деп бекінді. Ел ішіндегі жағдай ушығып тұрған-ды, «Россия патшалығымен шектескен жердің бәрі қазір лапылдап жанған өрт тәрізді» еді.

Қоңырқұлжа жылқысын Кенесары алғанда, қара қазақтың жылқысын Қоңырқұлжа алмайтын не жыны бар? Рас, Қараөткел қазағын қырқыншы жылға дейін патша салығынан

өзім құтқардым» – деп ашуға мінді. Ақмола округінің өзінің қол астында қалған тоғыз болысқа он жеті мың жылқыны салық қылып бөлді де, Омбыға жүремін, губернаторға жүгінемін деп, Қарқаралының аға сұлтаны Тәукенің Жамантайына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Тоқаның Зілқарасына, Аманқарағайдың аға сұлтаны Уәлидің Шыңғысына қол қойғызып, Омбы генерал-губернаторынан қазақ даласына зеңбіректі мол әскер шығаруды өтініп сұрау.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковтың айтқаны: «Қазақ даласы Кенесары қарақшыларынан да тазартылады. Қоңырқұлжа 1829 жылы Омбы қаласында Тілмаштар мектебінің қырық жылдық мерекесінде салтанатты тойды князь Горчаков басқарып, сұлтандардың ішінде өзіне айрықша ықылас танытқаны бар еді. Сол жылы ғой Горчаков: «Жерінен, билігінен айрылған қазақ айтқанға көнбей қайда барады? Күшпен көндіреміз. Арқасына қамшы ойнатып, соқа жегіп, жер жыртуды үйретеміз. Қол-аяғын матап, шіркеуге кіргізіп, Иисус Христосқа шоқынуға мәжбүр етеміз» – деген-ді.

Жазушы І.Есенберлиннің сипаттауынша, Кенесары «тоқсан тілектің түйінінен жаралған адам. Оның мінезі де, ішкі дүниесі де сала-сала, онда Абылайдың ақ туын құлатпай ұстайын деген арман да бар, бір руды емес, бар қазақты билесем деген баққұмарлық та мол, атадан әкеге, әкеден балаға мұра боп қалған өзге сұлтандардан алмақ кек те жүрект сақтаулы, соңынан ерген жұрттың құрметіне бөленсем деген сезім де күшті. Осының бәрі бір Кенесарының басында».

Бірде ол ақ ордасынан шығып, ауыл сыртындағы «қара шұғадай майлы топырақты» сайдың жағасындағы бір адырдың үстіне кідірді. Жанына ерткен бес жасар Сыздық, Жүсіп – Иосиф Гербурт және Қараулек (сұлтанды бақылаушы, күзетуші) бар. Кенесары күміс кездігінің ұшын жоғары қарата көмдіріп, Сыздықты жүгіртіп, оған «дәлме-дәл жетіп көкірегін төсей құлату» еді. Бұл сыннан бүлдіршін Сыздық мүдірмей өтті. Әкесі баласының маңдайынан бір-екі рет сипады. Көріп тұрған Иосиф Гербурт көңілденіп: «Нағыз көкжал болады екен!» деді оқтай заулап кетіп бара жатқан жас көгершінге.

«Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар. Сарыарқада серуендеп келе жатыр едім, алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да тұра жөнелді. Жолбарысты да қуып жетіп, аш бауырынан орып жіберіп едім, ішінен бір көкжал қасқыр шыға келді де тұра қашты. Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібергенімде, одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні де қуып жетіп қарнын осып қалғанымда ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке ақтарыла түсті... бірақ бұлар менен қашпады, бәрі быжынай келіп, атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғанымнан айқайлап жіберіп, оянып кеттім. Жоруын айтшы осы түсімнің, жырауым», – депті Абылай хан.

«Көктегі күнді күркірететін жай тасындай» жартастай мызғымас Кенесары:

– Абылай ханның алдынан қашқан арыстан – ол баласы Қасым төренің кезіндегі халық. Оның ішінен шыққан жолбарыс – ол мынау менің кезімдегі батыр жұрт. Бұл жұрттың жолбарыстай жүректі екені бәріңізге де аян... Бұдан кейін, әлгі Сыздық тентегімнің ер жетіп, жауымен алысқан кезінде де қазақ халқы елдігін де, ерлігін де жоғалта қоймайды... Көкжал қасқырдай жауына талай шабады. Бірақ қасқыр арыстан да, жолбарыс та емес, қанша көкжал болса да ауыл-аймақтан ұзай алмайды... Одан кейінгі елім «сабасына қарай піспегі, сақалына қарай іскегі» дегендей, заманының ықпалына қарай түлкі болмасқа амалы бар ма? Ал ол түлкі қулықты елімнен кейінгі ұрпақ бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке тәрізді кәкір-шүкірге айналады. Ол ол ма, Абылай ханның осы бесінші ұрпағы кезіндегі осы құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке секілді жұрт ертең осы менің ісіме қарсы шабады. Сондықтан қазір халқымның уақтанбай тұрған жолбарыстай қажырлы кезінде армансыз қимылдап қалуым керек!».

Осы бір тамаша көріністен кейін Кенесары Абылайдың түсін баяндады.

Мұнан соң әңгіменің желісі Ақ патшаның зорлығы мен қазақтың көрген қорлығына ауысты. Кенесары Иосиф Гербуртке: «Ақпатшаның таяғын Бөлше халқы қазақтан бұрын жеген

тәрізді. Сондықтан сендер бізден гөрі білгірсіңдер... білгір болмасаң Россия патшасы сені сонау ит өлген жерден мынау қу далаға айдар ма еді...» – деп, кеңесуге тәуекел етті.

Россия отаршылдық саясатының қысымынан Кенесары қолы Ұлытаудан Созаққа жылжуға мәжбүр болды. Екі ара алты жүз шақырым, осыны бес күнде жүріп өтті. Не деген ұшқырлық, не деген шапшаңдық! І.Есенберлин «Кенесары күшінің өзі осы шапшаңдығында, құлан киік секілді туған даласының ой-шұңқырын жақсы білетіндігінде...» деп сипаттай отырып, Бетбақдаланың «қызыл күрең жар, бір түрлі суық, сұсты» келбетін, жер-су жағдайын, аң-құстар, өсімдіктер дүниесін, Кенесары әскерінің болдырған мініс аттарына «түркімендерше қойдың құйрығын жегізгенін» әсерлі әңгімелейді.

Осы бір шақта генерал Генс қазақ халқының этнографиялық материалдарын, ертегілерін, дастандарын ұқыптылықпен жинағанын губернатор В.А.Перовскийге айтып отырған-ды. Он екі жылдан соң осы сұмырай «қазақ даласын қанға батырып, Ақмешітті алатынын кім білген?!»

Созақ датқасы Бабажанға бір нөкері: «Кенесары әскері келді, тұрыңыз!» десе: «Шырағым, жылағысы келген бала әкесінің сақалымен ойнайды. Ұлытауда хандығын тойлап жатқан Кенесары құс болып ұшып келмесе, қайдан келеді, ойыныңды қой!» деп, аюша ақырыпты.

Иосиф Гербурт: «Елі кішкентай жұрттың ардақты ұлдарының даңқы да кішкентай», «Қазақ халқы қанша ер жүрек халық болғанмен, Россия патшалығына қарағанда аждаһа алдындағы көжек тәрізді... Сендер көгендеулі қойсыңдар» деп, шынын да, сырын да төгіп айтты.

Замана, халық, ұлт тағдыры мен тарихын сезімталдықпен, қырағы көрегендікпен болжайтын шешімді, өжет Кенесары: «Мен тұтас бір халық уақтанып, ер жүректігі жойылып, илеген терідей болбырап кетеді дегенге сенбеймін... Тікен шыққан жерге тікенек шығады, гүл өскен жерге гүл өседі...» Қазақта «Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол» деген мақал бар, зорлыққа мойын ұсынар жайым жоқ, өмірім жеткен жерге дейін алысып өтем» - деп шарболаттай шамырқанып ойын шарт түйді.

«Қаһар» романында Орынбор әскери губернаторы граф В.А.Перовский, князь Горчаков, генерал Генс секілді құзғындардың пиғылы.....

Горчаков Перовскийге жазған хатында: «Кенесарыны Сібір шекаралығынан мүлдем алып кет, не болмаса маған оны өзінің ұясында құртуға рұқсат ет», - деп жазған.

В.А.Перовский: «Қазақ та бір, қой да бір, тек алдарына түсетін серкесі болсын!» - десе, Генс: «Жоқ, қазақ дарынды халық, батыр халық, әттең бақытсыз халық. Қиянат көріп, қорланған жұрт қашанда болса тәуекелшіл» - дейді.

Кенесарының ақылды қайраткер, сарабал саясаткер екендігін мына хатынан көруге болады: «Атамыз Абылай ханнан бері біз орыс жұртымен бір туысқан адамдай тату-тәтті өмір сүріп келе жатыр едік, тек Сібір губернаторының адамдары маза бермегендіктен, амалсыз соғысуға мәжбүр болдық... Ал сіздің жеріңізге келуімізбен еш уақытта да Россияға қас болмағанымды айтқым келеді және менің осы сөзімді жоғары жаққа жеткізуіңізді өтінемін».

Россияның отаршылық саясаты Кенесары әскерін Оңтүстік пен Батыс жағынан қоршау, Батыс Сібір өлкесіне өтіп кетпеуі үшін, яғни Ұлытау, Арғынаты аймағына жылжымау үшін Омбы, Қызылжар, Қарқаралы бекіністерінен мұздай қаруланған мың мылтық асынған жасақ шығарып өз апанында тұншықтыру.

Әккі Кенесары соғыс әдісін күрт өзгертті. Ағыбай, Наурызбай, Жеке, Құдайменді, Иман, Жанайдар, Бұқарбай, Жәуке, Байтабын секілді тұйғындарына шаршата ұрысу тәсілін, сонымен қатар әскер тобының керегедей қанаттарын жая шабуыл жасауын (хуннулардың ұрыс ұйымдастыруы осылайша) қолдануын міндеттеді.

І Николай патшаның Орынбор әскери губернаторына арнайы жасақ шығарып, Кенесарының басын әкелген адамға үш мың сом сыйақы беру туралы ұсынысы болған-ды.

1841 жылдың 7 қыркүйегінде Кенесары Алашахан мазары қасында хан сайланған-ды. Алашахан – «айбарлы мола, бір ғажайып асыл мүлік» іспетті.

Кенесары жасақтарының бас қосар жері Алашахан бейітінің жаны. Бұл ара үш

жүздің қазақтарына тең орталық. Есіл, Нұра бойын жайлаған Орта жүзге де, Елек, Жайық жағасындағы Кіші жүзге де, Балхаш пен Сыр, Жетісуды мекен еткен Ұлы жүзге де жер кіндігі. Оның үстіне Алашаханды қазақ өзінің ең алғашқы ханы деп білетін. Сол себептен Кенесары Абылай атасының сүйегі жатқан Түркістан көп руға қашық болғандықтан, еліміздің хандық туын тіккен ортасы еді ғой деп ырым көріп әдейі осы араны қалап алған.

Жазушы І.Есенберлин Алашахан мазарының түр-сымбатын былайша өрнектейді.

«Алашаханның моласы қазақ елінің ең алғашқы хандық туын тіккен он төртінші ғасырдың аса бір көрнекті ескерткіші. Жасыл төккен жазық далада көк отаудай алыстан көзге түседі. Бұл – тана көзденген өрмекті құмайт кірпіштен қаланған, биіктігі мен көлденеңі бірдей, зәулім төртпақ мола. Үстінде көгілдір сырмен бояған үлкен күмбезі бар. Күмбездің төрт жағында, моланың төрт бұрышына тұрғызылған ақ кірпіштен қаланған әшекейлі төрт шағын мұнара... Күмбездің астына тас баспалдақпен көтеріліп баратын кең дәліз. Ал моланың өзінің іші кең бөлме. Ортасында Алашаханның қабірі. Томпиған қабір топырағының үстіне ескі шүберектердің қиқымдары мен жылқының қуарған қу бастарын, аттың жал құйрығын үйіп тастаған. Әр жерінде ағаш найзаның ұшы көрінеді. Топырақ үстінде де бірнеше атам-заманғы қарағай найзалар жатыр.

Алашаханның жанында тағы екі мола бар. Бірі биіктігі он құлаштай, шым кірпіштен құйған Әмбұлақ ханның моласы, одан әріректе Алашаханның моласына ұқсаған тек кішірек Жошы мазары. Бұл үшеуі де қазақтың ең алғашқы хандық құрған дәуірінің мұралары. Үшеуі жайында да сан түрлі аңыздар бар...»

«Ал, Гербурт-Жүсіп қолы бос уақытта осы Алашаханның моласының жанына келіп отыруды жақсы көретін. Оған осы айбарлы мола бір ғажайып асыл мүлік болып көрінетін. Моланың оқ-дәрі бұза алмайтын кірпіштерінің қандай құм-топырақтан құйылғанын, бес жүз жылдан бері алғашқы күндегісіндей түсін әлі жоғалтпай тұрған күмбез сырының неден жасалғанын түсіне алмай таң қалатын. Көшпелі елдің жүздеген жылдар бойы сар даланың желі мен жаңбырына шыдап келген осындай әсем ескерткіштер жасағанына мәз болатын.

Жүсіп бүгін де осы мазарға келген. Бір төбешіктің басына отырып алып, өлең жазуға кірісті.

...Жүсіп бар әлемді ұмытқан: өзінің қайғылы халін де, Кенесары ереуілін де, қымбатты Польшасын да, тек өлең дүниесіне, шабыт дүниесіне кіріп кеткен. Осындай халде отырғанында кенет біреу иығына қолын салды. Жалт қараса Кенесары екен. Анандай жерде Қараүлек тұр».

Гербурт-Жүсіп Қасым баласының қандай күшті адам екенін де енді ғана ұқты. «Тарихтың әр сатысында, халық арманының бір тоғысқан түйінді кездерінде осындай адамдар туады. Олар өздерінің мақсаттарына жету үшін халықты да, тарихты да, бәрін де пайдалана біледі. Бұларда құр ғана қаніпезерлік, адамды аямастық қана емес, ақыл да, амал да мол келеді. Кенесары да соның бірі. Егер осындай адам миллиондаған халқы бар үлкен елге жаратылса қайтер еді? Азғантай қазақ халқын қанша қанға батырса, үлкен елді де сонша қанға батырар еді. Онда Кенесары қозғалысы кішкентай ел емес, үлкен ел трагедиясы болар еді. Халқының кішкентайлығынан бұл елдің үлкен трагедиясы өзге жұрттың көзіне кішкентай трагедия болып көрінеді.

Кенесарының шамына тиген Гербурттың сөзіне «шықшыттағы күретамыры бүлкілдей ойнап», «шабатын барыстай» жиырылып, оған: «Еліңді қалай билейсің дейсің бе? Россия патшасы бізді қалай билемек болды? Зеңбіректің оғымен, жалаңаш қылыштың жүзімен емес пе? Мен де сөйтем! Дегеніме көнбеген елді аттың сауырына, қамшының астына аламын. Кімде-кім айтқаным көнбейді екен, Кенесарының жасыл туының астында жүргісі келмейді екен – ол менің жауым. Россия губернаторы қандай қасым болса, о да менің сондай қасым. Не оларды өз дегеніме жүргізем, не біржолата қырып, жоқ етем. Екі шешім болуы мүмкін емес. Жауын аяған өзі мерт болады. Бұрын жұртты жер-суыңды алып беремін деп ертсем, енді хандығыңды қорғаймын деп ертемін.

... Ажал табар болсам, батырларша ажал табам. Көшіп-қонар жеріміз әлі де бар, әлі де

алысам. Бұрын құр ғана ереуілшіл болсақ, енді хан билеген елміз!».

Кесек әрекеттің, кемелдіктің иесі Кенесарының өзекжарды ойы. Адамзаттың сырттаны жүрегін, тағдыр-талайын халқына, ұлтына тапсырады, жанын Аллаға береді, ал ар-намысын ешкімге таппатпайтыны аян.

Жазушы Илияс Есенберлин XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тыныс-тірлігін ғаламат өнерпаздықпен һәм білімпаздықпен тарихтың көркемдік философиясын жұтынып жеткізген. «Қаһар» романының ішкі көркемдік әлемінде халықтың ой-сезімін, ақыл-парасатын, рухын байытатын ойлы-ойлы келісті суреттер жеткілікті. Көркемдік және тарихи дүниетанымы озық сөз зергері өзінің дәуірнамалық шығармасында монолог пен диалогты табиғилықпен шебер құру, ситуация мен конфликтін қисынды орайластыру, композициялық тұтастықты мұқият ойластыру, характер сомдау, кейіпкер психологиясын терең сипаттау, оқиға дамуына орай пейзажды пайдалану, халық дәстүрлеріне, қазақша ай, жыл аттарына мән беру, шаһар сәулетін, соғыс қимылдарын айшықты бейнелеу тұрғысынан алғанда шынайылықпен көрсетілген. Бұл орайда Қасым, Кенесары, Ағыбай, Есенгелді, Саржан, Наурызбай, Жоламан, Байтабын, Масан би, Есіркеген, Сейтен, Нысанбай жыршы, Бопан, Ақбөкен ару тұлғасы. Сондай-ақ Ташкент құшбегі Бегдербек, Мәделі хан, губернатор В.А.Перовский, князь Горчаков, Қоңырқұлжа сұлтан, генерал Генс, опасыз Ожар, Зейнеп сұлу және т.с.с. Жазушы І.Есенберлин өз кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін әңгімелеуде, суреттеуде, мінездеме беруде ұшқырлық, тапқырлық, көсемдік, зерделілік, зергерлік танытып отырады.

Көркем шығарманың материалы – тіл. Халықтың рухы, жаны, ой-санасы – тілінде. Ендеше, Илияс Есенберлиннің философиялық ой шумақтарына кезек берейік:

1. «...Россия – дария, біз кішкентай ғана мөлдір бұлақпыз. Мөлдір бұлақ суы дарияға құйғанда несі қалады? Дария суы ащы болса, бұлақ суы да ащы болады, дария суы тұщы болса, бұлақ суы да тұщы болады» (Кенесарының Гербурт – Жүсіпке айтқаны).

2. «Кенесары шын қабылан» (Горчаков пікірі)

3. «Қыран жете алмас қия жоқ,

Жажүрек өте алмас мия жоқ».

4. «Жерді шұқылай берсең шұңқыр болады,

Денені шұқылай берсең жара болады». (Есенгелдінің Бегдербекке айтқаны).

5. «Жаралы жолбарыс жарасыз жолбарыстан ер келеді» (Есенгелдінің Бегдербекке айтқаны).

6. «Бақ деген күйкентай құспен пара-пар, қай жерде жем болса, соған қонады. Халық деген бір кеше жас бала, оны алдай алсаң болғаны, соңыңнан ере береді». (Қоңырқұлжаның аузынан)

7. «Ел бірлігі – ел теңдігі» (Ырым ақын).

8. «Аңшы қуған киіктей, сұм тағдырдан зәресі ұшқан халқың бар, тек соның қарғысына қалма...» (Масан бидің немересі Есіркегенге айтқаны)

9. «Адам ойы теңізге айналар болса, жүзіп өте алмас мұхит» (Есіркеген).

10. «Жүрегін көкейкесті арман торлаған, ел қамын ойлар жігіт – ойпат үстінде ерте шығып, ерте солатын сарғалдақ гүл тәрізді, ерте пісіп, ерте қартайды» (Масан би).

11. «Бақ уысқа сыймағанмен, атақ уысқа сыяды» (Байтабын батыр).

Немесе: «Бүйі қысылғанда өзін-өзі өлтіреді», «Жалайырда қой көп, Жанғазыда ой көп», «Кекілідегі қырғыз көп пе, аспандағы жұлдыз көп пе», «Балта көтерілгенше, ағаш жол табады», «Қазаны бөлектің – қайғысы бөлек», «Бөлтірікті қанша асырасаң да тоғайға қашады» секілді халықтық ой оралымдары шығарма тілінің сымбаттылығын айқындайды.

Тарихтың көркемдік философиясын шынайылық, әсерлілік, суреткерлік қуатпен толғаған, «нағыз заманалық рухани, мәдени қажеттерді» жырлаған, «қазақ романшылық өнеріне ажарлы ағын қосқан» (академик Рахманқұл Бердібай сипаттамасы) дүлдүл шабысты І.Есенберлиннің «Қаһар» романы – қазақ прозасындағы ерен құбылыс.

